Әділет

# Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

*Күшін жойған*

Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 Шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 22 сәуірде № 1776 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 25.06.215 № 38-11 шешімімен

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 506-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14-бабына сәйкес, Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындау дайындау үшін төлемақы ставкалары 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға негізделген жанама орман пайдаланулардың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкалары 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту.3 тармағының 2 абзацы алынып тасталды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.12.07 № 41-10 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

4. "Облыс бойынша орман пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 желтоқсандағы № 12-5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1631 тіркелді, 2006 жылғы 10 қаңтарда № 3 "Ақ жол" және 2006 жылғы 7 қаңтарда № 2-3 "Знамя труда" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы* *Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*С. СЕЙДАЗИМОВ* *Ә. ӘСІЛБЕКОВ*

Жамбыл облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 шешіміне 1 қосымша

## Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы ағаш ресурстарының кейбір түрлерін дайындау үшін төлемақы ставкалары

| Реттік сан | Қосалқы ағаш ресурстары | Өлшем бірлігі | Ресурстары дайндау үшін төлемақы ставкалары (айлық есептік көрсеткіш) |
|---|---|---|---|
| 1 | Ақ қайынның:<br>қабық<br>бұтақтар<br>жапырақтар<br>бүршіктері<br>түбірлер<br>тамырлар | <br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна | <br>0,016<br>0,032<br>0,008<br>0,048<br>0,024<br>0,016 |
| 2 | Емен:<br>қабық<br>бұтақтар<br>жапырақтар<br>бүршіктері<br>түбірлер<br>тамырлар | <br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна | <br>0,041<br>0,082<br>0,020<br>0,123<br>0,061<br>0,041 |
| 3 | Қарағаш:<br>қабық<br>бұтақтар<br>жапырақтар<br>бүршіктері<br>түбірлер<br>тамырлар) | <br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна | <br>0,014<br>0,028<br>0,007<br>0,042<br>0,021<br>0,014 |
| 4 | Терек:<br>қабық<br>бұтақтар<br>жапырақтар<br>бүршіктері | <br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна | <br>0,011<br>0,022<br>0,0055<br>0,033 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | түбірлер<br>тамырлар | тонна<br>тонна | 0,016<br>0,011 |

Жамбыл облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 шешіміне 2-қосымша

## Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкалары

Ара ұялары мен омарталар орналастыру, шөп шабу, мал жаю және аң өсіру үшін

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облыстық мәслихатының 2011.12.07 № 41-10 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

| № | Пайдалану түрі | Өлшем бірлігі | Төлемақы ставкасы (теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | Ара ұялары мен омарталар орналастыру | 1 ұя үшін | 88,2 |
| 2 | Мемлекеттік орман қоры аумағында шөп шабу:<br>сапалық жай-күйі жақсы<br>сапалық жай-күйі орта<br>сапалық жай-күйі төмен | <br>1 гектар<br>1 гектар<br>1 гектар | <br>105,8<br>79,4<br>61,7 |
| 3 | Мемлекеттік орман қоры аумағында мал жаю:<br>жақсы сапалы жайылымдар<br>орта сапалы жайылымдар<br>төмен сапалы жайылымдар | <br>1 гектар<br>1 гектар<br>1 гектар | <br>74<br>55,5<br>43,2 |
| 4 | Аң өсіру | 1 гектар | 177,2 |

## Дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, қамыс дайындау мен жинау

| р/с | Өсімдіктің атауы | Шикізат түрі | Шикізаттың шаруашылық маңызы | Өлшем бірлігі (құрғақ күйінде) | Төлемақы ставкасы (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дәрілік жалбызтікен | Тамырлар | Дәрілік | 1 килограмм | 200 |
| 2 | Бөрі қарақат | Жемістер | Дәрілік | 1 килограмм | 450 |
| | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Құмды бесмертник (цмин) | Гүлдер | Дәрілік | 1 | килограмм | 480 |
| 4 | Алқызыл долана | Жемістер | Дәрілік | 1 | килограмм | 300 |
| 5 | Айланшөп таран | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 300 |
| 6 | Биік андыз | Тамырлар | Дәрілік | 1 | килограмм | 200 |
| 7 | Дәрі түйе жоңышқа | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 600 |
| 8 | Кәдімгі жұпаргүл | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| 9 | Шілтер жапырақ шаңқурай | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| 10 | Бозтікен | Тамырлар | Дәрілік | 1 | килограмм | 1480 |
| 11 | Қосүйлі қалақай | Жапырақтар | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| 12 | Кәдімгі өгейшөп | Гүлдер, жапырақтар | Дәрілік | 1 | килограмм | 600 |
| 13 | Арша | Жемістер | Дәрілік | 1 | килограмм | 600 |
| 14 | Дала жалбыз | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 360 |
| 15 | Дәрі бақбақ | Тамырлар | Дәрілік | 1 | килограмм | 400 |
| 16 | Кәдімгі түймешетен | Гүлдері | Дәрілік | 1 | килограмм | 300 |
| 17 | Үлкен бақа жапырақ | Жапырақтар | Дәрілік | 1 | килограмм | 300 |
| 18 | Ашщы жусан | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| 19 | Дәрілік ромашка | Гүлсебеттер | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| 20 | Жалаң мия | Тамырлар | Дәрілік | 1 | килограмм | 200 |
| 21 | Кәдімгі мыңжапырақ | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| 22 | Дала қырықбуыны | Шөп | Дәрілік | 1 | килограмм | 420 |
| | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 23 | Сұңғыла | Тамырлар | Дәрілік | 1 килограмм | 1 4 8 0 |
| 24 | Сасық кереуік | Тамырлар | Дәрілік | 1 килограмм | 9 2 1 |
| 25 | Үштармақ итошаған | Шөп | Дәрілік | 1 килограмм | 4 2 0 |
| 26 | Шөлдік шалфей | Жапырақтар | Дәрілік | 1 килограмм | 4 2 0 |
| 27 | Итмұрын раушан | Жемістер | Дәрілік | 1 килограмм | 3 0 0 |
| 28 | Кәдімгі өрік | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 4 0 |
| 29 | Алша (согдий өрігі ) | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 2 0 |
| 30 | Жабайы алма | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 4 0 |
| 31 | Саңырауқұлақ | Саңырауқұлақ | Тағамдық | 1 килограмм | 7 5 |
| 32 | Таңқурай | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 1 6 0 |
| 33 | Итшомырт шырғанак | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 1 2 0 |
| 34 | Грек жаңғақ | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 2 4 0 |
| 35 | Күрен қара қарақат | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 2 2 0 |
| 36 | Кәдімгі пісте | Жемістер | Тағамдық | 1 килограмм | 5 6 0 |
| 37 | Ақ, қара тұт | Жемістер, | Тағамдық | 1 килограмм | 8 0 |
| 38 | Қамыс | Өзегі | Техникалық | 1 текше метр | 2 4 0 |

Жамбыл облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 шешіміне 3-қосымша

# Аңшылық шаруашылығының қажеттіліктері үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, туристік, рекреациялық және спорттық мақсаттарда облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану үшін төлемақы ставкалары

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

| № | Орман пайдаланудың түрлері | Өлшем бірлігі | Төлемақы ставкалары |
|---|---|---|---|
| Ұзак мерзімге пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін) | | | |
| 1 | Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажетіне пайдалану | 1 гектар | 0 теңге |
| 2 | Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсатына пайдалану | 1 гектар | 44,1 теңге |
| 3 | Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсатында пайдалану | 1 гектар | 177,2 теңге |
| Қысқа мерзімге пайдалану (1 жылға дейін) | | | |
| 4 | Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсатына пайдалану | 1 күн | 0,1 айлық есептік көрсеткіш |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК